

Қызылорда облысында тұратын азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жеңілдікпен жол жүруді ұсыну туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 346 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 5405 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 310 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 19.04.2019 № 310 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Қызылорда облысында тұратын азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жеңілдікпен ж о л ж ү р у ұ с ы н ы л с ы н .

2. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және (немесе) "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медициналық көрсеткіштері бойынша дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының анықтамасы болған жағдайда науқастың және оны ертіп баратын тұлғаның емделуге және (немесе) кеңес беруге бару-қайту жол ақысын:

1) әуе көлігімен немесе теміржол көлігінің (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, оның қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ креслолары бар екі орындық купе (ҰВ), сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" класты) вагондарымен жүрген кезде – теміржол көлігінің купелі вагонының бір билетінің нақты құны мөлшерінде;

2) темір жол көлігінің купелі вагоны, плацкарт вагоны мен қалааралық автомобиль көлігімен жүрген кезде – оның бір билетінің нақты құны мөлшерінде ө т е у ж ү р г і з і л е д і .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 12.02.2018 № 182 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

3. "Қызылорда облысында тұратын азаматтардың елдi мекен шегiнен тыс жерлерге емделу үшiн облыстық бюджет қаражаты есебiнен тегiн немесе жеңiлдiкпен жол жүруi туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 8 шiлдедегi № 236 шешiмi (нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу Тiзiлiмiнде 4256 нөмiрiмен тiркелген, облыстық "Сыр бойы" газетiнде 2010 жылғы 2 қыркүйекте және облыстық "Қызылординские вести" газетiнде 2010 жылғы 4 қыркүйекте жарияланған) күшi жойылды деп танылсын.

4. Осы шешiм алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қызылорда облыстық
мәслихатының кезектен тыс
44 сессиясының төрағасы
М. Кәрім*

*Қызылорда облыстық
мәслихаты хатшысының
уақытша мiндетiн атқарушы
Қ. Бисенов*